

*ЖШС «Самғау» бөбекжай – балабақшасының*

*Педагогикалық кеңес хаттамасы*

*№1*

31.08.2024ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. Балабақша бойынша 2024 – 2025 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Нормативтік құжаттармен таныстыру
4. Педагогтардың 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жоспарлары, перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібін бекіту.
5. Іскерлік ойын.
6. Педкеңес шешімі.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: К. Кыстаубаева өз сөзінде биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып, өзгерістерді айтып өтті, жылдық жоспар талқыланып, бекітуге ұсынылды. Тәрбиеші Ж. Садыкова жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешіге шығармашылық тақырыптар туралы өз бетімен ізденуін ескертті.

Екінші мәселе бойынша. Жазғы сауықтыру, шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері және медбикесі жасады. Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс – шараларды талқылау барысында кемшіліктер байқалмағаны жайлы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Садықбекова сөз алып, биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормативті құжаттармен таныстырды. Оның ішінде білім заңы бойынша балабақшаға қатысты 4 баппен таныстырды, әдістемелік нұсқаулық хатпен, санпин ережелері туралы бұйрықпен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітуге ұсынылды.

Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып, іскерлік ойын жүргізді. Топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады. Бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру» бойынша, екінші топ «Жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша



*ЖШС «Самғау» бөбекжай – балабақшасының*

*Педагогикалық кеңес хаттамасы*

*№2*

13.11.2024ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану жіне мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі К. Қыстаубаева №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024 – 2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажет ететін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Садықбекова тәрбиеленушілердің денсаулық сақтау туралы сауалды ортаға салды. Яғни таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс. Одан әрі «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан – жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші С. Нажапова «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар

денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп танылсын.
2. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.
3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Төрайымы: \_\_\_\_\_

К. Кыстаубаева

Хатшы: \_\_\_\_\_

Б. Мусатаева

